

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**Рудный индустриялық институты**



**Анықтамалық-жол көрсеткіші**

Рудный, 2020

ӘОЖ 78.126(07)

Анықтамалық-жол көрсеткіші. Рудный – 31б.

Құрастырушылар: Найзабеков Ә.Б., Набиуллина Е.Г., Ибраева А.И., Глибчук Т.М.

Анықтамалық-жол көрсеткіші Рудный индустриялық институтының студенттеріне арналған және институт туралы жалпы мәліметтерді, кітапхананы пайдалану және институт жатақханасында тұру ережелерін, оқытудың кредиттік технологиясы және білім алушылардың білім сапасын бақылау жүйесі бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі негізгі ережелерді, оқуға ақы төлеу тәртібін қамтиды.

Анықтамалық-жол көрсеткішінде институттың студенттерді қолдау қызметі, жастар және спорт ұйымдары туралы толық ақпарат ұсынылған.

Анықтамалық-жол көрсеткішін әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, білім беру саласындағы орталық атқарушы органның нормативтік актілері пайдаланылды.

## МАЗМҰНЫ

1	Институт туралы жалпы мағлұмат	4
2	РИИ құрылымдары мен қызметтері	9
2.1	Рудный индустриялық институтының басшылығы	9
2.2	Факультеттер	9
2.3	Кафедралар	10
2.4	Бөлімдер мен қызметтер	11
2.5	Білім алушыларды қолдау қызметтері	12
2.5.1	Институт кітапханасы	12
2.5.2	Оқыту семинарлары	14
2.5.3	Жастар саясаты қызметі	14
2.5.4	Кәсіподақ комитеті	14
3	Білім алушылар үшін жалпы ақпарат	15
4	РИИ білім алушыларының академиялық адалдық және этика қағидаларын сақтау кодексі	16
5	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру	18
5.1	Жалпы ережелер	18
5.2	Кредиттік оқыту технологиясымен байланысты негізгі ұғымдар	18
5.3	Үлгерімге ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу	22
5.4	Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру	25
5.5	Қосымша семестр ұйымдастыру	26
5.6	Курста қайта оқу	26
5.7	Институттан шығару	27
5.8	Академиялық демалысты рәсімдеу	27
5.9	Академиялық күнтізбе	28
5.10	Оқу жоспарлары	28
5.11	Білім алушыларды кредиттік оқыту технологиясы кезінде элективті пәндерге тіркеу қағидалары	29
5.12	Кестесі	30
5.13	Әдістемелік қамтамасыз ету	30
6	Білім сапасын бақылау жүйесін ұйымдастыру	30
7	Қоңырау кестесі	31
ҚОСЫМША 1	Толық оқу мерзімімен күндізгі бөлімнің 1,2,3 курстарының, қысқартылған оқу мерзімімен күндізгі бөлімнің 1,2 курстарының академиялық күнтізбесі	32

## **Құрметті студент!**

Сіздерді Рудный индустриялық институтының (бұдан әрі-РИИ) студенттері қатарына қосылуыңызбен құттықтаймыз. Біздің институт Қостанай облысында ғана емес, бүкіл ел аумағында және одан тыс жерлерде де лайықты беделге ие.

Сіздің қолыңызда ұстаған «Анықтамалық-жол көрсеткіші» студенттік өмір туралы нұсқаулық болып табылады және сізге институтты, оның құрылымы, студенттік өмірде көмектесетін бөлімдер туралы, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқытудың ерекшеліктері туралы айтып береді.

Мұнда сіз РИИ-дағы өз құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз туралы, ішкі тәртіп қағидалары туралы ақпаратты табасыз.

РИИ студентінің «Анықтамалық-жол көрсеткіші» біздің ЖОО-да бейімделу үдерісінде сенің сенімді көмекшің болады деп үміттенеміз.

### **1 Институт туралы жалпы мағлұмат**

Рудный индустриялық институты – 1959 жылы құрылған, 60 жылдық тарихы бар жоғары оқу орны.

Қазіргі уақытта институт солтүстік өңірдегі институционалдық және мамандандырылған аккредитациясы бар (ұлттық және халықаралық деңгейде) жекелеген техникалық білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүргізетін жалғыз мемлекеттік жоғары оқу орны болып табылады.

Институт құрылымына 3 факультет (тау-кен металлургия, экономика және құрылыс, энергетика және ақпараттық жүйелер), 6 кафедра кіреді.

Жоғары оқу орнының жоғары білікті кадрлық әлеуеті бар. Қазіргі уақытта институтта 3 ғылым докторы, 6 PhD докторы, 31 ғылым кандидаты және 35 магистр жұмыс істейді.

РИИ-да бакалавриат арқылы жоғары білікті мамандарды даярлаудың көп деңгейлі жүйесі қолданылады.

Институттың білім беру қызметі Болон үдерісінің негізгі параметрлеріне сәйкес оқытудың кредиттік технологиясын жетілдіру, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, екі дипломды білім беру, дуальды оқыту және жоғары білім берудің үш деңгейлі жүйесіне көшу негізінде жүзеге асырылады.

Өңір мен әріптес кәсіпорындардың қажеттіліктеріне қарай соңғы жылдары ЖОО-да білім беру бағдарламаларының тізбесі ұлғайды, қолданылатын оқу технологияларының спектрі кеңейді. Қазіргі уақытта кадрларды даярлау бакалавриаттың 16 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады: оның ішінде 2 экономикалық және 13 техникалық, 1 өнер және 3 магистратураның техникалық білім беру бағдарламалары бойынша.

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының деректері бойынша институттың 12 білім беру бағдарламасы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары рейтингінде үздік ондыққа кірді.

РИИ Қазақстан Республикасының жетекші жиырма жоғары оқу орындарының қатарында. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ дайындаған

кәсіптік білім беру ұйымдарының рейтингінде Рудный индустриялық институты Қазақстанның 101 ЖОО-нан 7-ші орынға ие болды.

РИИ-да оқытудың заманауи технологиялары қолданылады, «Ғаламторға» шығу мүмкіндігі бар жаңа компьютерлік сыныптар, дәріс аудиториялары, интерактивті тақталар, мультимедиялық жабдықтар, заманауи зертханалық жабдықтар, лингафон кабинеті бар.

РИИ халықаралық құрылыс жоғары оқу орындары қауымдастығына (Мәскеу қ.) және Халықаралық көтергіш-көлік одағына (Мәскеу қ.) кіретін Қазақстанның жалғыз жоғары оқу орны болып табылады.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту аясында институт жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы шарттар, келісімдер мен меморандумдар жасасты: Англия Раскин Университеті (Ұлыбритания), Кембридж Университеті (Джесус Колледжі, Ұлыбритания), Висмара технология, бизнес және дизайн университеті (Германия), Рязань мемлекеттік радиотехникалық университеті (Ресей Федерациясы), Полоцк мемлекеттік университеті (Ресей Федерациясы).

Магистранттарды, аспиранттарды және докторанттарды Қазақстан Республикасының және жақын шетелдердің бірқатар жоғары оқу орындарымен бірлесіп даярлау туралы шарттарға қол қойылды:

- Құрылыс мамандықтары бойынша - Мәскеу мемлекеттік құрылыс университеті, В.Г. Шухов атындағы Белгород мемлекеттік технологиялық университеті, Пенза мемлекеттік сәулет және құрылыс университеті және т.б.;

- энергетика мамандықтары бойынша – Мәскеу энергетика институты;

- Машина жасау мамандықтары бойынша – Магнитогорск мемлекеттік техникалық университеті;

- экономикалық мамандықтар бойынша - Орал мемлекеттік экономикалық университеті (Екатеринбург қ.), Халықаралық бизнес академиясы (Алматы қ.) және басқа да жоғары оқу орындары.

РИИ түрлі халықаралық қорлармен, ұйымдармен: Еуропалық Одақтың «Темпус», «Эразмус Мундус», British Council, USAID, CIPA, EN IAESTE, DAAD және т.б. бағдарламаларымен ынтымақтасады.

Институтта ішкі академиялық ұтқырлықты ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізіледі. Қазақстан Республикасының 21 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы шарт жасалды. Соңғы жылдары ішкі академиялық ұтқырлық аясында 40 білім алушы Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында білім алды.

Техникалық мамандықтар студенттерімен алмасу жөніндегі халықаралық қауымдастықпен (IAESTE) ынтымақтастық бағдарламасы бойынша студенттер өз мамандықтары бойынша еуропалық университеттерде жазғы практикадан өту мүмкіндігіне ие. Бүгінгі таңда 7 студент Германия, Польша, Қытай, Австрия, Словакия, Чехия, Венгрия және Түркияда тағылымдамадан өтті. Осы бағдарлама шеңберінде институт жыл сайын шетелдік студенттерді тағылымдамадан және практикадан өту үшін қабылдайды (Греция, Германия, Польша, Португалия, Румыния, Қытай, Словакия және т.б.), сондай-ақ өз студенттерін Еуропа және Азия елдеріне (Польша, Чехия, Германия, Испания, Греция, Корея және т. б.) жібереді.

РИИ студенттерінің академиялық ұтқырлығын дамытуға Еуропалық Одақ - Темпус халықаралық бағдарламасына қатысу да ықпал етеді, оның негізгі міндеттері оқытудың кредиттік технологиясын енгізу және жетілдіру, инновациялық технологияларды дамыту, студенттермен, оқытушылармен алмасу және профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру болып табылады.

Институтта ТМД-ның екі жоғары оқу орнымен қос дипломды білім беру бағдарламасы жұмыс істейді: Омбы Мемлекеттік Техникалық Университетімен (Энергетикалық бағыт бойынша) және Уральск мемлекеттік Экономикалық университетімен УрМЭУ-СИНХ (экономикалық бағыт бойынша) бірлесіп «Электрэнергетика», «Экономика» және «Менеджмент» мамандықтарының студенттеріне бірден екі елдің сапалы білімі мен дипломын алуға мүмкіндік беретін «қос дипломды білім» жобасын іске асыру басталды.

Көптілді білімі бар инженер-техникалық және педагог кадрларды даярлау мақсатында институтта РИИ студенттері мен оқытушыларының шет тілдерін тереңдетіп оқыту үшін тіл орталығын ашуға дайындық жүргізілуде.

Институтта студенттердің практикалық дайындығына ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінгі күні институтта ЖОО-ның барлық білім беру бағдарламаларын қамтитын үлгілік нысандағы 96 шарт бар.

Білім алушылардың практикалық дайындығын жетілдіру және дуальді оқытуды дамыту контекстінде институт студенттері серіктес кәсіпорындар: «ССКӨБ» АҚ, «Дон КБК» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ (КБКБ филиалы) ұсынған тақырыптарда дипломдық жобаларды орындайды. Бұл дипломдық жобаларды қорғау серіктес кәсіпорынның аумағында жүзеге асырылады.

Институтта түлектердің жұмысқа орналасуына ерекше көңіл бөлінеді. Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін жыл сайын мынадай іс-шаралар өткізіледі: «Жұмысқа орналастыру: сұрақ-жауап» тақырыбында кәсіпорын өкілдерімен студенттердің жалпы институттық кураторлық сағаты, «Жұмысқа орналастыру: оған қалай дайындалу керек?», студенттердің кәсіпорындар өкілдерімен әңгімелесу үшін кездесуін ұйымдастыру, «Қазақстан алюминийі» АҚ гранттары мен шәкіртақыларын тағайындау конкурсы, студенттердің жастар практикасын ұйымдастыру бойынша кәсіпорындармен жұмысқа құжаттарды дайындау, «Студенттің үздік түйіндемесі» конкурсы, «Жұмысқа аламын, бірақ...» тақырыбында кәсіпорын өкілдерімен студенттердің дөңгелек үстелі, түлектерді бөлу, қалалық және облыстық «Бос орындар жәрмеңкесіне» қатысу, «ССКӨБ» АҚ гранттары мен шәкіртақыларын тағайындау конкурсы, «Қазақстан Темір Жолы» ТҰК» АҚ гранттарын тағайындау конкурсына қатысу, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг.

Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша үлкен қорытынды іс-шара «РИИ түлектерінің Мансап күні» болып табылады.

Жұмыс берушілермен жұмыс бойынша деректер банкінде 160-тан астам серіктес кәсіпорын бар. Өңір жұмыс берушілерінің гранттық бағдарламаларымен барлық оқу нысандарындағы 118 студент қамтылған, ENRC кәсіпорындарының шәкіртақылық бағдарламалары тиімді жұмыс істейді.

«РИИ түлектер клубы» қоғамдық бірлестігі жұмыс берушілермен жұмыс істеуде үлкен көмек көрсетеді.

Институтта студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді дамуда.

Жыл сайын ЖОО-да білім беру бағдарламаларының әртүрлі пәндері бойынша олимпиадалар өткізіледі, олардың жеңімпаздары ҚР ЖОО-лары әртүрлі пәндер бойынша өткізетін Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысады, институтты лайықты ұсынады және жүлделі орындарға ие болады.

Институт студенттерінің ғылыми жұмыстары «Шеврон» компаниясы мен Қазақстанның инженер-энергетиктер одағы өткізетін техникалық ғылымдар бойынша студенттердің үздік ғылыми жұмысы бойынша «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры» республикалық конкурсының, энергия үнемдеу жобалары конкурсының жеңімпаздары деп танылды.

Жыл сайын республикада студенттердің байқау-конкурстарға бағытталған дипломдық жобалары жүлделі орындарға ие болады.

Студент жастардың инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуын жандандыру мақсатында институтта жыл сайын студенттердің ЖОО ішіндегі ғылыми конференциясы өткізіледі.

ЖОО-да студенттерді қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге және студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Институтта студенттік өзін-өзі басқару органдарына тартудың, бірінші курс студенттерін әлеуметтік бейімдеу жөніндегі дәстүрлі іс-шаралар «Бірінші курс студенттерінің мектебі» және «Актив мектебі» болып табылады. «Демократиялық көшбасшылық мектебі» студенттердің ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерін жеке өзін-өзі дамыту, өзін-өзі растау және өзін-өзі жүзеге асыру негізінде дамытуға көмектеседі.

Оқу барысында студенттер кәсіби, зерттеу, ұйымдастырушылық қызмет дағдыларын игереді. РИИ тәрбие жұмысында тұлғаны әлеуметтендіру, ұйымдастырушылық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, өзін-өзі растау, оның өзін-өзі қамтамасыз етуі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселелері шешіледі.

Институтта білім алушыларды қолдау қызметі дамыған: жатақхана, асхана, кітапхана, спорт залдары. Жатақханаға мұқтаж барлық студенттер қамтамасыз етілген. 2016 жылы «Қазақстан Республикасы Қостанай облысының Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ өткізетін студенттік жатақханалардың облыстық конкурсында №1 институт жатақханасы 1 орынға ие болып, сертификат алды.

Институтта үлгерімі жақсы және институттың қоғамдық өміріне қатысқаны үшін жеңілдіктер – көтермелеу жүйесі жұмыс істейді. Аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерді, жетім студенттерді әлеуметтік қолдау тұрақты негізде жүзеге асырылады.

ЖОО-да студенттік өзін-өзі басқару органдары белсенді жұмыс істейді. Студенттік парламент (бұдан әрі-СП) институттың студенттік өзін-өзі басқарудың өкілетті органы болып табылады. СП қызметінің мақсаты-студент тұлғасының өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау, жастардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, дербес шешімдер қабылдауға, мемлекетті басқаруға қатысуға және өз құқықтары мен міндеттерін толық көлемде іске асыруға қабілетті азаматты даярлау.

СП негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- институтта салауатты өмір салтын бекіту, студенттердің зиянды әдеттері мен құқық бұзушылықтарының алдын алу;
- институтта студенттік өзін-өзі басқарудың тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етуге қабілетті студенттік активті қалыптастыру;
- қоғамдық ұйымдармен және басқа оқу орындарының студенттік ұжымдарымен ынтымақтастықты дамыту;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлықтың туындауына жол бермеу бойынша іс-шараларды дамыту;
- жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау және оларды іске асыру.

Академиялық адалдыққа тәрбиелеу бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Ол үшін «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Таза сессия операциясы» акциялары, «Студенттер сенбейді» жүйелі акциясы және т.б., «Сенім телефоны» жұмыс істейді, сондай-ақ барлық деканаттар мен бас ғиараттың фойелерінде студенттер мен ата-аналардың өтініштері үшін «Сенім жәшіктері» орнатылған.

РИИ басшылығының белсенді студенттер мен кездесулері ЖОО-да тұрақты негізде өткізіледі, студенттерді жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізіледі.

Институт студенттері қалалық ғана емес, облыстық және республикалық іс-шараларға да белсенді қатысады.

Біздің институттың дәстүрі қайырымдылық акцияларын, іс-шараларды өткізу болып табылады. Бізде ол «РИИ волонтерлік орталығы» арқылы жүргізіледі. Игі істер, жақын жандарға көмек көрсетуші топтардың, институт кафедраларының визит карточкасы болды. Біздің волонтерлік жұмысымыздағы басты жетістік-бұл қаланың балалар үйіндегі волонтерлік топтардың тұрақты жұмысы.

Көптеген іс-шаралар студенттердің бастамасымен ұйымдастырылады және өткізіледі.

Жалпы РИИ қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 29 желтоқсанындағы № 729 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын іске асыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020ж. 14 наурызындағы №108 «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда COVID-19 короновирустық инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» бұйрығын орындау үшін күндізгі бөлімде оқитын студенттер қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытуға ауыстырылды.



## 2 РИИ құрылымдары мен қызметтері

### 2.1 Рудный индустриялық институтының басшылығы

Лауазымның атауы	Т.А.Ә.	Кабинет №, телефон
Ректор, т.ғ.д., профессор	Найзабеков Әбдірахман Батырбекұлы	Ректордың қабылдау бөлмесі № 220 каб., тел. 5-07-03
<b>Ректордың жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты:</b> <b>әр сейсенбі, бейсенбі 15<sup>00</sup> - 16<sup>00</sup></b> <b>(алдымен қабылдауға жазылу керек)</b> <a href="http://www.rii.kz/">http://www.rii.kz/</a> Ректор блогы		
Оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, э.ғ.д.	Божко Лариса Леонидовна	Проректорлардың қабылдау бөлмесі № 232 каб., тел. 9-55-28
<b>Оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректордың жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты: әр бейсенбі 15<sup>00</sup> - 17<sup>00</sup></b>		
Тәрбие және әлеуметтік жұмыс мәселелері жөніндегі департамент директоры	Жумагалиева Айгуль Батырхановна	№ 232 каб., тел. 9-55-28
<b>Тәрбие және әлеуметтік жұмыс мәселелері жөніндегі департамент директорының жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты:</b> <b>әр бейсенбі 15<sup>00</sup> - 17<sup>00</sup></b>		
Шаруашылық қызмет және мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі департамент директоры, т.ғ.к.	Ахмедов Камандар Масим-оглы	№ 217 каб., тел. 9-38-46
<b>Шаруашылық қызмет және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша департамент директорының жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты:</b> <b>әр сәрсенбі 14<sup>00</sup> - 16<sup>00</sup></b>		

### 2.2 Факультеттер

Лауазымның атауы	Т.А.Ә.	кабинет №, телефон
<b>Тау-кен металлургия факультеті</b>		
Факультет деканы, т.ғ.к., РИИ доценті	Кузьмин Сергей Львович	№ 1 оқу-зертханалық ғимараты, №1/315 каб. тел. 9-85-87
Деканның орынбасары	Джунусова Сабира Сериковна	№ 1 оқу-зертханалық ғимараты 1/314 каб. тел. 9-81-50
Әдіскер	Бекдиллаева Жадира	

	Ералиевна	
<b>Деканның жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты: әр бейсенбі 14<sup>00</sup> - 15<sup>00</sup></b>		
<b>Энергетика және ақпараттық жүйелер факультеті</b>		
Факультет деканы, т.ғ.к.,	Шалдыкова Бахыт Абитовна	№ 1 оқу-зертханалық ғимараты № 1/302 каб., тел. 9-29-32
Деканның орынбасары, магистр	Кадирова Асемгуль Мухаметхан қызы	№ 1 оқу-зертханалық ғимараты № 1/302 каб., тел. 5-08-82, доб.127
Әдіскер	Ибраимова Алена Дауирхановна	
<b>Деканның жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты: әр бейсенбі 10<sup>00</sup> - 12<sup>30</sup></b>		
<b>Экономика және құрылыс факультеті</b>		
Факультет деканы	Акмалова Ольга Адольфовна	Басты ғимарат № 427 каб. тел. 5-07-04
Деканның орынбасары, магистр	Төретаев Медет Өмирзақұлы	
Әдіскер	Менгель Ирина Ивановна	Басты ғимарат № 427 каб. тел. 5-08-82, қос.126
<b>Деканның жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты: әр бейсенбі және сейсенбі күндері 15<sup>00</sup> - 16<sup>00</sup></b>		
<b>Қашықтықтан білім беру технологиялары және ЖАОК орталығы</b>		
Жетекші, э.ғ.к., доцент	Лескова Лилия Гербертовна	Лисаковск қ. 3 ш/а, 23-үй, 407 каб. тел. 8(71433)34813
<b>Жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты: әр сейсенбі 9<sup>00</sup> - 11<sup>00</sup></b>		

### 2.3 Кафедралар

Лауазымның атауы	Т.А.Ә.	Кабинет №, телефон
<b>Құрылыс және құрылыстық материалтану кафедрасы</b>		
Кафедра меңгерушісі, т.ғ.д., профессор	Мирюк Ольга Александровна	Кафедра тел 5-08-82, қос.226 каф. меңгерушісі № 105 каб., тел. 5-08-82, қос. 122
<b>Металлургия және тау-кен ісі кафедрасы</b>		

Кафедра меңгерушісінің м.а., т.ғ.к.	Кузьмин Сергей Львович	Кафедра № 1/420 каб., тел. 5-08-82, қос.132
<b>Электрэнергетика және жылуэнергетика кафедрасы</b>		
Кафедра меңгерушісінің м.а., т.ғ.к.	Айдарханов Арман Маратович	Кафедра №1/223 каб., каф. меңгерушісі №1/224 каб. тел. 5-08-82, қос. 228
<b>Автоматтандыру, ақпараттық жүйелер және қауіпсіздік кафедрасы</b>		
Кафедра меңгерушісінің м.а., т.ғ.к.	Штыкова Ирина Владимировна	Кафедра №128 каб., каф. меңгерушісі №127 каб., тел. 5-08-82, қос.103
<b>Экономика және менеджмент кафедрасы</b>		
Кафедра меңгерушісінің м.а.	Сапанова Рамиля Камильевна	Кафедра № 431 каб., каф. меңгерушісі № 406а каб., тел. 5-08-82, қос. 124
<b>Инженерлік және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы</b>		
Кафедра меңгерушісінің м.а., ф-м.ғ.к.	Арепьева Светлана Витальевна	Кафедра № 207 каб. тел. 5-08-82, қос. 118

## 2.4 Қызметтер

Лауазымның атауы	Т.А.Ә.	Кабинет №, телефон
<b>Қабылдау комиссиясы</b>		
Жауапты хатшы	Жумагалиева Айгуль Батырхановна	№117 каб. тел. 9-25-68
<b>Оқу-ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар қызметі</b>		
Қызмет жетекшісінің м.а.	Ибраева Алтын Искендыровна	№ 145 каб. тел. 5-08-82, қос. 120
Практика және жұмысқа орналастыру жөніндегі инженер-әдіскер	Глибчук Татьяна Михайловна	№ 110 каб. тел. 9-24-64
ОҒЖжХҚҚ менеджері	Перепечаева Евгения Викторовна	№ 229 каб. тел. 5-08-82, қос. 121
<b>Персоналды басқару және құжаттармен қамтамасыз ету қызметі</b>		

Жетекші	Исмагамбетова Асем Амантаевна	№ 226 каб. тел. 5-07-06
<b>Қаржы қызметі</b>		
Шәкіртақы бойынша есепші	Исакова Индира Илановна	№ 253 каб. тел. 5-08-82, қос. 105
<b>Ақпараттық-кітапхана бөлімі</b>		
Жетекші	Набиуллина Елена Геннадьевна	№ 111 каб. тел. 5-08-82, қос. 218

## 2.5 Білім алушыларды қолдау қызметтері

Лауазымның атауы	Т.А.Ә.	Орналасқан жері, телефоны	Жұмыс уақыты
<b>№ 1,2 жатақхана</b>			
Комендант	Умиржанова Анар Салимовна	БОҒ, «Айсулу» жатақханасы Мекен-жайы: 50 лет Октябрь, 58а, тел. 9-31-74	Дүйсенбі-жексенбі
<b>Асхана</b>		Басты ғимарат, 2 қабат фойесі	Дүйсенбі – жұма: 9 <sup>00</sup> - 17 <sup>00</sup>
<b>Гардероб</b>		Басты ғимарат, 1 қабат фойесі	Дүйсенбі – жұма: 8 <sup>30</sup> - 17 <sup>30</sup>
<b>Интернет (тегін пайдалану)</b>		Басты ғимарат, 1 қабаттағы компьютер залдары	Дүйсенбі – жұма: 15 <sup>00</sup> - 17 <sup>00</sup>

### 2.5.1 Институт кітапханасы

Институт кітапханасы мекеме құрылған күннен бастап жұмыс істейді. ЖОО кітапханасы ашылған жылы кітап қоры 500 дананы құрады. Бүгінде кітапханада кең ауқымды ақпарат бар. Кітапхананың әмбебап қоры оқу мақсаттары мен ғылыми зерттеулер үшін шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол қазақ және орыс тілдерінде 300 мыңнан астам басылымды қамтиды:

- монографиялар мен ғылыми әдебиеттер;
- оқу әдебиеті;
- библиографиялық, ақпараттық және анықтамалық басылымдардың мамандандырылған қоры;
- қазақстандық және ресейлік мерзімді басылымдар;
- цифрлық жеткізгіштердегі қор;
- көркем әдебиет.

### ***Оқырмандар қызметіне:***

- ❖ Оқу әдебиеттері абонементі (басты ғимарат, 1 қабат)
- ❖ Көркем әдебиет абонементі (басты ғимарат, 1 қабат)
- ❖ Негізгі оқу залы (басты ғимарат, 1 қабат)
- ❖ Мемлекеттік тілдегі әдебиет бөлімі (басты ғимарат, 1 қабат)
- ❖ ФДО оқу залы (Лисаковск қ., 3 ш/а, 23-үй, 308 дәрісхана)
- ❖ Электрондық ақпараттық ресурстар залы (басты ғимарат, 246 дәрісхана)
- ❖ Электронды кітапхана (Office 365-ті сақтау орны <http://www.rii.kz/>)

Абонементте сіз «Жедел абонемент» қызметтерін пайдалана аласыз, оның әдебиеті оқырмандарға шектеулі мерзімге беріледі.

Каталогтар мен картотекалар – ақпаратты іздеу мен іріктеудегі сіздің өзгермейтін көмекшілеріңіз.

Дәстүрлі және электронды каталогтар кітапханадағы барлық кітап қорын қамтып, сізге әдебиет таңдауда көмектеседі. Картотека материалдарын қолданыңыз – бұл журналдар мен газеттердің ең жаңа ақпараты. Олардан сіз оқулықтарда жоқ нәрсені таба аласыз.

Институтта электронды кітапхана құрылды. Электрондық ресурстар қоры 24 мың бірлікті құрайды, оған электрондық оқыту бағдарламалары, оқу, оқу-әдістемелік құжаттар кіреді.

### ***Ғылыми және оқу үдерістеріне көмек ретінде кітапхана мыналарды ұйымдастырады:***

- Ақпарат күндерін, Кафедра күндерін, Дипломшылар күнін, Жас мамандар күнін, Бірінші курс студенттері айлығын өткізу;
- Жаңа кітаптардың көрмелері, Тақырыптық топтамалар және жарнамалық-ақпараттық қараулар, Шолулар, Әңгімелесулер;
- Ақпараттық бюллетень мен Кітапханалық афишаның ай сайынғы шығарылымдары;
- Еркін пайдаланушыларға ақпараттық ресурстарға, интернет;
- Wi-Fi-ға сымсыз кіру нүктесі;
- Анықтама-библиографиялық аппаратпен жұмыс бойынша кеңес беру;
- Әдебиеттерді іріктеуге алдын ала өтінімдер. Жоғары сұранысқа ие басылымдарды алу кезектілігі қамтамасыз етіледі («жедел абонемент»);
- Жазбаша және ауызша анықтамаларды, кітапханада құжаттардың болуы туралы анықтамаларды орындау;
- Кітапхананың анықтамалық-ізвестіру аппаратымен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларына үйрету;
- Курстық және дипломдық жұмыстарға арналған әдебиеттер тізімін құрастыру және редакциялауға көмек көрсету.

Кітапхана студенттермен жаппай іс-шаралар өткізеді, бұл әңгіме, ақпараттық сағат, талқылау, оқырман конференциялары, кітап көрмелері қойылады.

### ***Кітапхананың жұмыс тәртібі.***

Күн сайын: 9<sup>00</sup> – 18<sup>00</sup>

Демалыс күні-сенбі, жексенбі.

Әр айдың соңғы жұмасы – тазалық күні.

### ***Байланыс телефондары:***

Кітапхана жетекшісі Набиуллина Елена Геннадьевна - 50280 қос.218

Абонемент, бас ғимараттың оқу залы - 50280 қос. 219

Электрондық тасымалдағыштағы әдебиет залы № 246 - 50280 қос.104

Уақыт талабына және оқу орнының мәртебесіне сәйкес болу үшін кітапхана үнемі шығармашылық ізденісте болады: оның функциялары кеңейеді, құрылымы өзгереді, бірақ оқырмандарға пайдалы болу ниеті әрқашан өзгеріссіз қалады.

## **2.5.2 Оқыту семинарлары**

2020-2021 оқу жылында студенттер үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру жоспарлануда.

Рудный индустриялық институтында көп жылдар бойы өзінің «Білім шаңырағы» атты студенттік газеті шығып келеді. Редакцияда жас белсенді студенттер жұмыс істейді, олар күн сайын институтта және оның айналасында болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат жинап, оқырманға жеткізеді. Газеттің негізгі оқырмандары – РИИ қызметкерлері мен оқушылары, олар үшін ол туған ЖОО-ның өмірі туралы негізгі ақпарат көзі болып табылады.

**Студенттермен жұмыс бойынша ТжӘЖ жөніндегі департамент маманының кабинеті бас ғимараттың 2 қабатында орналасқан. № 242 каб. тел. 5-57-60.**

## **2.5.4 Кәсіподақ комитеті**

РИИ кәсіподақ комитеті (бұдан әрі – кәсіподақ комитеті) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жарғысына және өз Ережесіне сәйкес жұмыс істейді.

Кәсіподақ комитетінің қызметі мүшелердің белсенділігі мен бастамашылдығы, қабылданатын шешімдердің ұжымшылдық қағидаттарына негізделген.

Кәсіподақ комитеті РИИ-дің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі кешенді жоспарларды әзірлеуге және іске асыруға, еңбек дауларын шешуге қатысады, РИИ-да еңбек туралы заңнама нормаларының, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қағидалар мен нормалардың сақталуын қадағалайды.

Кәсіподақ комитеті РИИ қызметкерлері мен студенттері үшін мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Кәсіподақ комитеті РИИ студенттерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін белгіленген тәртіппен ұсынады және қорғайды.

Студенттерді әлеуметтік қорғау мақсатында кәсіподақ комитеті тұрмысы төмен студенттер мен жетім балаларға материалдық көмек көрсетуге, сондай-ақ олардың жеңілдікпен тамақтануына қаражат бөлуге жәрдемдеседі.

Кәсіподақ комитеті жетім студенттерге жатақханада тұру үшін бірінші

кезекте орын алу құқығын беру туралы өтініш жасайды.

Кәсіподақ комитеті Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Кәсіптік одақтар туралы» Заңға және қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін жағдайларға кепілдік беретін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұмыс істейді.

**Кәсіподақ комитетінің төрағасы – Набиуллина Елена Геннадьевна**  
**Кәсіподақ комитеті 3 қабатта орналасқан, № 316 каб., тел. 9-45-46.**

### **3 РИИ білім алушылары үшін жалпы ақпарат**

РИИ-да оқу үдерісінің тәртібін, білім алушылардың негізгі құқықтары мен міндеттерін, оқудағы жетістіктері үшін көтермелеу нысандарын, оқу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілейтін ішкі тәртіп қағидалары қолданылады.

Куратор білім алушылардың ішкі тәртіп ережелерімен таныстырады. Куратор студенттік топта институт әкімшілігінің өкілетті өкілі болып табылады. Ол кафедраның келісімі бойынша факультет деканы болып тағайындалады және РИИ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Топ кураторының негізгі міндеттері институттың тәрбие қызметінің жүйесін іске асыру бойынша жұмыстарды жүргізу, білім алушылардың қоғамдық қызметке қатысуын ұйымдастыру, сондай-ақ білім алуға, студенттердің ЖОО-да әлеуметтік бейімделуіне және олардың кәсіби қызметке дайындалуына жүйелі түрде көмек көрсету болып табылады.

Оқудың барлық мерзімі ішінде білім алушы куратормен тығыз байланыста болады. Білім алушылар туындаған барлық мәселелерді академиялық топтың кураторы арқылы шешуі тиіс.

Мәселені куратор деңгейінде шешу мүмкін болмаған жағдайда білім алушы көмек алу үшін деканның орынбасарына немесе өзі оқып жатқан факультет деканына жүгіне алады. Декан өз өкілеттігі шегінде мәселелерді шешеді.

Егер декан мәселені шеше алмаса, білім алушы оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға өтініш бере алады. Проректор мәселелерді өз құзыреті шегінде шешуге көмектеседі. Білім алушы жүгіне алатын институттың соңғы сатысы – РИИ ректоры.

Институттағы барлық өтініштер ректордың атына жазылады. Факультет деканатында өтініш үлгілері (жатақханадан орын алу, емтихан сессиясына жіберу және мерзімінен бұрын тапсыру, оқу ақысын төлеу мерзімін ұзарту, ауыстыру, қайта қабылдау, академиялық демалыс және т.б.) бар.

2014 жылдан бастап институтта электронды өткізу жүйесі жұмыс істейді. Ғимаратқа кіру электрондық рұқсаттамалар бойынша жүргізіледі. Электрондық рұқсаттама қыркүйек айының басында беріледі. Өткізу режимін бұзғаны немесе электрондық рұқсаттаманы жоғалтқаны үшін білім алушыларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

**4 Рудный индустриялық институты білім алушыларының академиялық адалдық және әдеп қағидаларын сақтау кодексі**

**Академиялық адалдық** – оқыту мен бағалауда жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен қағидаттар жиынтығы. Жазбаша тесттерді, курстық және дипломдық жобаларды, емтихандарды, эсселерді, зерттеулерді, презентацияларды және т.б. орындау кезіндегі лайықты мінез-құлық ретінде түсіндіруге болады.

Білім беру үдерісінде білім алушылардың жеке адалдығы мен өз оқуы үшін жауапкершілігін дамытатын академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

– **адалдық** – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал, мұқият орындауы. Адалдықтың негізгі компоненттері-еңбекқорлық пен әдептілік;

– **ашықтық** – білім алушылар мен ПОҚ арасында ашықтық, өзара сенім, ашық ақпарат және идеялар алмасу;

– **теңдік** – әрбір білім алушының осы қағидаларды сақтау жөніндегі міндеті және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілік;

– **білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу** - білім алушылардың өз пікірлері мен идеяларын еркін білдіру құқығы.

Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау үшін білім алушылар:

1. Олардың негізгі жұмысына жауапкершілікпен қарау:

– оқу үрдісінде қарастырылған барлық сабақтарға қатысу;

– оқу жоспарлары мен кестелерінде көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде сапалы орындау;

– ұйымдастырылған тәрбие іс-шараларына қатысу, проблемалар туындаған жағдайда кураторларға жүгіну.

2. Сапалы білім алуға ұмтылу, кәсіби қызмет үшін қажетті біліктер мен дағдыларды игеру:

– кітапханада үнемі жұмыс жасаңыз;

– қоғамдық, ғылыми және мәдени іс-шараларға қатысу;

– академиялық адалдықты сақтау.

3. Денсаулықты сақтау және нығайту:

– спорттық іс-шараларға, үйірмелерге, секцияларға қатысу;

– темекі шегуге, спирттік ішімдіктерді ішуге, есірткі заттарды қолдануға және таратуға болмайды;

– мінез-құлықтан агрессияны, дөрекілікті, қорлауды болдырмау;

– рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.

4. Білім алушының мәртебесіне сәйкес:

– өзін зияткерлік-шығармашылық жастар ретінде көрсету мақсатында өз имиджімен және өз тобының имиджімен тұрақты жұмыс істеу;

– ЖОО беделіне қамқорлық;

– іскерлік киім стилін ұстану;

– сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейін ұстану;

– сабаққа кешікпеу;

– сабақтарда және қоғамдық іс-шараларды өткізу кезінде ұялы телефондарды пайдаланбау;



– институттың барлық оқу ғимараттарында және басқа да үй-жайларында тазалық пен тәртіпті сақтау институттың барлық оқу ғимараттарында және басқа да үй-жайларында тазалық пен тәртіпті сақтау;

– институттың оқу құрал-жабдықтары мен ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарау;

– институт оқытушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін, оқу орнының дәстүрлерін құрметтеу;

– сабақтарда өзін дұрыс ұстау және тәртіпті болу.

5. Өзінің оқу міндеттерін қатаң орындау, этикалық, академиялық және құқықтық бұзушылықтарға жол бермеу, оның ішінде:

– білімді бақылау рәсімдерінен өту кезінде көшіру және басқа тұлғаларға көмек сұрап жүгіну;

– өз еңбегінің нәтижесі ретінде интернет-ресурстарды қоса алғанда, көлемі бойынша кез келген дайын оқу материалдарын ұсыну;

– жоғары баға алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану;

– сабаққа қатыспау, кешігу және себепсіз сабақтан қалу.

## **5 Оқу үдерісін ұйымдастыру**

### **5.1 Жалпы ережелер**

Бакалавриаттың білім беретін кәсіби бағдарламасы 4 жыл (толық орта негізінде), 3 жыл (техникалық және кәсіптік білім беру базасында) күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады.

Бакалавриаттың білім беретін кәсіптік бағдарламасы күндізгі оқу нысаны бойынша 4 жыл (толық орта білім негізінде), 3 жыл (техникалық және кәсіптік білім негізінде) іске асырылады. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім беру бағдарламасы 3 жыл ішінде іске асырылады (техникалық және кәсіптік білім беру базасында және жоғары білім беру базасында). Бакалавр дәрежесін алу үшін кем дегенде 240 кредитті игеру, практиканың барлық түрлерінен өту, мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау қажет.

Кредиттік оқыту технологиясы жинақтаушы болып табылады, бұл білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын игерілген кредиттердің үдемелі есебін білдіреді.

Кредиттік оқыту жүйесі кезіндегі оқу үдерісі мынадай нысандарда ұйымдастырылады:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, практикалық сабақтар (семинарлар, коллоквиумдар), зертханалық сабақтар, студиялық сабақтар;

- аудиториядан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының басшылығымен (СӨЖ, СОӨЖ), жеке консультациялар, интернет-сессиялар, бейнеконференциялар;

- оқу жетістіктері мен кәсіби тәжірибелерді өткізу, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау: ағымдық және межелік бақылау (сабақтарда сауалнама жүргізу, оқу пәнінің тақырыптары бойынша тестілеу, бақылау жұмыстары, зертханалық жұмыстарды, курстық жұмыстарды қорғау, коллоквиумдар);

- аралық аттестаттау/қорытынды бақылау (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, практикалар бойынша есептерді қорғау), қорытынды мемлекеттік аттестаттау (дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау).

Оқу үдерісін ұйымдастыру үшін келесі құжаттар қажет:

- академиялық күнтізбе;
- оқу жоспарлары;
- кесте;
- әдістемелік қамтамасыз ету.

## **5.2 Кредиттік оқыту технологиясымен байланысты негізгі ұғымдар**

Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы ішінде демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

